

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 2 қарашадағы № 964 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

мынадай мазмұндағы 51-1) тармақшамен толықтырылсын:

"51-1) өңірлік стандарттар жүйесінің қамтамасыз етілуін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;"

132) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"132) жергілікті атқарушы органдардың ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг (скрининг) жүргізуі туралы нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 132-1) тармақшамен толықтырылсын:

"132-1) ауылдық елді мекендердің әлеуетін айқындауға арналған өлшемшарттарды бекіту;"

137) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"137) даму әлеуеті бар (стратегиялық ауылдық елді мекендерді қоса алғанда, тірек және серіктес) ауылдардың тізбесін келісу;"

мынадай мазмұндағы 166-8) тармақшамен толықтырылсын:

"166-8) моноқалалардың тізбесін әзірлеу және бекіту;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов